

08. 12. 2021 ж.

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
«Театр өнері» факультеті
талапкерлерге арналған
республикалық байқаудың
ЕРЕЖЕСІ

Жалпы ережелер

1. Талапкерлерге арналған аталмыш байқаудың бас құрылтайшысы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Театр өнері» факультеті.
2. Байқау **«Актерлік өнер»** білім беру бағдарламасы бойынша өткізіледі.
3. Өтетін уақыты: 28 ақпан, 2022 жыл. Қатысушылардың өтінімі онлайн форматта 2022 жылдың 5-15 ақпан аралығында қабылданады.
4. Өтетін орны: Алматы қаласы, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының оқу театры.

Байқаудың мақсаты:

1. «Театр өнері» факультетіне актерлік қабілеті бар дарынды жастарды қызықтыру;
2. музыкалық театр артисі, драма мамандықтары бойынша қызығушылығы бар жас таланттар иесіне академиямыздың жаңа оқу жылында қандай талаптар қойылатынын ескертіп, талапкерлерге өз бағын сынап көруге мүмкіндік беру;
3. жастарды қолдау және оларға шығармашылықтарын дамытуға ықпал ету;
4. дарынды жастарды анықтап, марапаттау;
5. **I орын алған байқау лауреаттарына Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Актерлік өнер» білім беру бағдарламасы бойынша 2021-2022 оқу жылындағы қабылдау емтихандарына жеңілдік беріледі, яғни шығармашылық емтиханнан жоғарғы балл қойылып, тек кешенді тестілеуден ғана өтеді.**

Байқауға қатысу шарттары:

1. Байқауға Қазақстан Республикасы бойынша колледж бітірушілері (түлектері) қатыса алады.
2. Байқауға қатысу үшін үміткер (1-қосымшада) көрсетілген өтінім парағын және анкеталық анықтаманы толтыруы керек. (2-қосымша)
3. Байқаудың 1-ші туры онлайн форматта, ал 2-ші туры Т.Қ.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның оқу театрында бекітілген комиссия алдында офлайн түрде өтеді.
4. Қатысушыдан талап етіледі: Поэзия, проза, мысал, этюд, ән және бишілік қабілетін көрсету.
5. Байқауға қатысушылардың жол, жатын орын және тәуіліктік шығындар жіберуші жақ есебінен төленеді.

Байқауды өткізілу барысы:

1. Байқау екі турдан тұрады.
2. Жұмыстарды бағалау үшін қазылар алқасы әр жұмысты 10 балл жүйесімен бағалайды.
3. Қазылар алқасының берген балл санын қосу арқылы шешім шығарылады. Байқау нәтижесі арнайы хаттамамен бекітіледі
4. Байқау нәтижесі 3 жұмыс күнінде белгілі болып, қатысушыларға хабарланады және академия сайтына жарияланады.
5. Қазылар алқасы келесі аталымдар бойынша марапаттайды:
 - I, II және III деңгейлі лауреаттық дипломы;
 - қатысушыларға дипломант атағы;